

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2019 жылғы 5 қараша

Студенттердің назарына!

Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған байқау мерзімі ұзартылды!

Биыл Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Жастар жылы аясында қазақстандық жоғары оқу орындары студенттері арасында - «Болашағың өз қолыңда!/Твое будущее в твоих руках!» атты тақырыпта студенттік жобалар байқауын жалғастыруда. Оған барлық ниет білдіруші студенттер мамандықтары мен оқыту нысанына қарамастан қатыса алады.

Атап өту керек, байқау тәртібінің талаптарына сай емес өтінімдердің көптеп келуіне байланысты, біз байқауды 24 қарашаға дейін ұзарттық! Осылайша қатысушыларға өздерінің бақтарын тағы да сынап көруге қосымша мүмкіндік беріліп отыр.

Еске саламыз, байқауға қатысу үшін студент жеке өзі немесе командасымен (төрт адамнан аспайды) бірге жоба әзірлеуі қажет. Ол жинақтаушы зейнетақы жүйесінің маңыздылығы, жеке зейнетақы шотына жарна аударып, жинақ ақшаны молайту және ерікті жинақтарды қалыптастыру арқылы болашақта лайықты зейнетақы алуға болатындығы туралы ақпаратты халыққа тиімді жеткізуге бағытталуы тиіс. Яғни, ақпаратты әр түрлі байланыс арналары (мысалы, БАҚ-пен жұмыс істеу бойынша жоба, бейнеролик, тележобалар және т. б.), ІТ шешімдер (ойындар, арнайы қосымшалар және т. б.) және басқа да әдістер арқылы халыққа жеткізетін дайын әрі тиімді шешім болуы керек.

Қиялға ерік беріп, тың идеялар ұсынуға шек қойылмайды! Үздік идеялар үшін бағалы сыйлықтар табыс етіледі. Толыққанды ақпарат www.enpf.kz сайтының «Жаңалықтар» бөлімі мен Қордың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында орналастырылған. Жұмыстар student@enpf.kz электрондық поштасына қабылданады. Қатысушылар жұмыстармен қоса бейне сәлемдеме, арнайы нысан бойынша қатысушының өтінімін, сондай-ақ суреттер мен фотосуреттерді жіберулері керек. Сұрақтар туындаған жағдайда «БЖЗК» АҚ Жұртшылықпен байланыс департаментіне 331-66-99 (ішкі 5220) телефон нөмірі арқылы хабарласуға болады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).